

Жекеше нотариустарды есептік тіркеу туралы ережені бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2011 жылғы 15 шілдедегі № 264 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 19 шілдеде № 7074 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы № 30 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 2012.01.31 № 30 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

«Нотариат туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 32-бабы 7) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Жекеше нотариустарды есептік тіркеу туралы ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2003 жылғы 13 желтоқсандағы № 264 «Жекеше нотариустарды есептік тіркеу туралы ережені бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2625 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде 2004 ж., № 17-20, 919-құжат жарияланған) бұйрықтың күші жойылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетінің төрағасына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр *Р. Түсіпбеков*
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и қ а с ы
Ә д і л е т м и н и с т р і н і ң
2 0 1 1 ж ы л ғ ы 1 5 ш і л д е д е
№ 2 6 4 б ұ й р ы ғ ы м е н
бекітілген

Жекеше нотариустарды есептік тіркеу туралы

Ереже

1. Осы Ереже «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 32-бабының (бұдан әрі - Заң) негізінде әзірленді және жекеше нотариустарды

есептік тіркеудің шарты мен тәртібін айқындайды.

2. Жекеше нотариустарды есептік тіркеу (бұдан әрі - есептік тіркеу) келу сипатында болады және конкурстық іріктеуден өткен және нотариаттық палата мүшелігіне енген адамды, жекеше нотариустар туралы деректерді және үй-жайдың орналасқан жері туралы мәліметтерді қалыптастыру мақсатында, аумақтық әділет органдарына есепке қою болып табылады.

3. Конкурстық іріктеуден өткен және нотариаттық палата мүшелігіне енген адам аумақтық әділет органына есептік тіркеуден өту үшін белгіленген нысанда өтініш береді (1-қосымша).

Өтінішке мынадай құжаттар:

1) Қазақстан Республикасы азаматының жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі;

2) нотариаттық палатаға мүше болып қабылданған туралы аумақтық нотариаттық палата басқармасының шешімінен үзінді;

3) тиісті нотариаттық округтен есептік тіркеуден шығару туралы аумақтық әділет органы бұйрығының көшірмесі (егер өтініш беруші бұрын басқа нотариаттық округте нотариаттық қызмет жасаған жағдайда);

4) жекеше нотариустың үй-жайына меншік құқығын немесе үй-жайды жалға алғанын растайтын құжат;

5) 2006 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі министрінің № 35 бұйрығымен бекітілген өртке қарсы қауіпсіздігі органдарының Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі Ережесіне нотариустың үй-жайының сәйкестігі туралы қорытындысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4126 болып тіркелген) қоса беріледі.

4. Жекеше нотариустың үй-жайы Заңның 15-бабының 4-тармағының және 21-бабының 4-тармағының талаптарына сәйкес болуы керек.

Жекеше нотариустың нотариаттық қызметті жүзеге асыру үшін тек бір ғана үй-жайы болады.

Жекеше нотариустың үй-жайы азаматтардың, заңды тұлға өкілдерінің кедергісіз кіруін қамтамасыз етуі және іргелі ғимаратта орналасуы тиіс.

Жекеше нотариустың үй-жайы жертөлелерде, жер асты жолдарында, дүңгіршектерде және басқа да уақытша құрылыстарда орналасуына тыйым салынады.

Егер жекеше нотариустың үй-жайы тұрғын үй қорына кіретін ғимараттың құрылымында болса, онда бөлек кіреберістің болуы және бірінші қабатта орналасуы тиіс.

Жекеше нотариустың үй-жайы үш бөлмеден тұрады (нотариаттық іс-әрекетті жасауға, клиенттер күтуге, мұрағаттық үй-жай үшін).

Жекеше нотариустың үй-жайы басқа нотариустың үй-жайымен бір кеңседе орналасқан жағдайда, кеңседе нотариаттық іс-әрекеттерді жасауға арналған бөлменің және мұрағатқа арналған үй-жайдың саны нотариустың санына сәйкес болу керек.

Жекеше нотариустың үй-жайы оның белгіленген қызмет ету аумағының шегінде орналасады.

5. Аумақтық әділет органы есептік тіркеу туралы өтініш келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күннің ішінде есептік тіркеу туралы өтінішті қарайды және жекеше нотариустың үй-жайына осы Ереженің 3-тармағының 5) тармақшасының және 4-тармағының талаптарына сәйкестігіне тексеруді жүзеге асырады.

6. Аумақтық әділет органы өтінішті қарау нәтижесінде өтініш берушіні есептік тіркеу жөнінде бұйрық шығарады және нотариаттық палатамен бірлесіп, оның қызмет ету аумағын анықтайды.

7. Осы Ереженің 3-тармағында көзделген құжаттар толық табыс етілмесе немесе жекеше нотариустың үй-жайы Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес келмесе, аумақтық әділет органы есептік тіркеуден бас тарту жөнінде бұйрық шығарады.

8. Өтініш берушіні есептік тіркеу туралы мәлімет және оның белгіленген қызмет ету аумағы Бірыңғай ақпараттық нотариалдық жүйесінің жекеше нотариустарды есептік тіркеу жөніндегі мәліметтердің электрондық тізіліміне (бұдан әрі - БАНЖ-нің электрондық тізілімі) енгізіледі (2-қосымша).

9. БАНЖ-нің электрондық тізілімі аумақтық әділет органымен жүргізіледі.

10. Енгізілген мәліметтің толықтылығына, дұрыстығына және уақытылы енгізілуіне аумақтық әділет органының бастығы немесе оның міндетін атқарушы адамның бұйрығымен белгіленген әділет органының қызметкері жүргізеді.

11. Жекеше нотариустың тегі, аты, әкесінің аты немесе оның басқа да сауалнама мәліметтері өзгерген жағдайда аумақтық әділет органы жекеше нотариустан тиісті мәліметтер келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күнінің ішінде БАНЖ-нің электрондық тізіліміне өзгерістер енгізеді.

Бұл ретте жекеше нотариус өзінің сауалнама мәліметтерін өзгерткені туралы аумақтық әділет органына беретін өзінің ақпаратында өзгеріс орын алғанын растайтын құжаттардың көшірмесін ұсынады.

12. Жекеше нотариус үй-жайының орналасқан мекен-жайы өзгергендігі туралы мәліметті аумақтық әділет органына бір ай мерзім ішінде хабарлайды.

Аумақтық әділет органы хабарлама алған күннен бастап жекеше нотариустың үй-жайының осы Ереженің 3-тармағының 5) тармақшасының және 4-тармағының талаптарына сәйкестігін тексереді.

Бұл ретте жекеше нотариус нотариаттық қызметті жаңа мекен-жайында нотариустың үй-жайының жаңа мекен-жайы орналасқан жері бойынша есептік

тіркеуге алынған соң жүзеге асырады.

Жекеше нотариустың үй-жайы осы Ереженің 3-тармағының 5) тармақшасының және 4-тармағының талаптарына сәйкес келсе, аумақтық әділет органы нотариусты жаңа үй-жайының орналасқан жері бойынша есептік тіркеуге алады және тиісті өзгерісті БАНЖ-нің электронды тізіліміне енгізеді.

Жекеше нотариустың үй-жайы Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес келмесе, аумақтық әділет органы нотариусты жаңа үй-жайының орналасқан жері бойынша есептік тіркеуге алудан бас тартады және нотариусқа нотариаттық қызметті жүзеге асыруға ыңғайлы басқа үй-жай таңдауды ұсынады.

13. Жекеше нотариус нотариаттық палата мүшелігінен шығу туралы өтініш берсе, ол жөнінде нотариаттық палата үш жұмыс күні ішінде аумақтық әділет органына хабарлайды.

14. Жекеше нотариустың нотариаттық палатадан шығатыны туралы хабарлама келіп түскен соң, аумақтық әділет органы нотариаттық палатамен бірлесіп бір ай мерзімде мынадай іс-шараларды жүзеге асырады:

1) жасалған нотариаттық іс-әрекеттің заңдылығына тексеру және жекеше нотариустың анықталған бұзушылықтарды жою;

2) жекеше нотариаттық мұрағатқа нотариаттық құжаттарды қабылдаптап-тапсыру;

3) жекеше нотариустың жеке мөрін алып қою мен жою;

4) жекеше нотариустың лицензиясын Әділет министрлігіне жіберу (егер Заңның 12-бабының 2-)-7) тармақтарының негізінде лицензиясының күші тоқтатылған жағдайда).

Осы тармақта көрсетілген іс-шараларды өткізу үшін қосымша уақыт қажет болған жағдайларда, аумақтық әділет органының бастығы немесе оның міндетін атқарушы тұлға және нотариаттық палатаның төрағасы мерзімдерді бір айдан аспайтын уақытқа ұзартып алады.

15. Осы Ереженің көзделген іс-шаралардың нәтижесі бойынша аумақтық әділет органы нотариаттық палатамен бірлесіп қорытынды шығарады (3-қосымша).

Шығарған қорытынды негізінде аумақтық әділет органы жекеше нотариусты есептік тіркеуден шығару туралы бұйрық шығарады.

16. Жекеше нотариусты есептік тіркеуден шығару туралы мәлімет БАНЖ-нің электрондық тізіліміне енгізіледі.

Жекеше нотариустарды есептік тіркеу туралы Ережеге

1 Қосымша

Нысан

(Қаласы, облысы) Әділет департаментімен 20__ жылғы «__» _____
актіге сәйкес жекеше нотариустың жеке мөрін алып қойды және жойды. Жекеше
нотариустың құжаттары 20__ жылғы «__» _____ қабылдап-алу тапсыру
актісіне сәйкес жекеше нотариустың мұрағатына берілді. Жекеше нотариустың (
жекеше нотариустың Т.А.Ә.) 20__ жылғы «__» _____ жекеше нотариалдық
қызметпен айналысуға берілген лицензиясы алып қойылды.

Жоғарыда аталғанның негізінде жекеше нотариус (жекеше нотариустың
Т.А.Ә.) жекеше нотариусты есептік тіркеуден шығаруға жатады деп санаймын.

(қорытындыны шығарған адамның Т.А.Ә., лауазымы, қолы)